

1999 жылға арналған мемлекеттік бюджетті әзірлеу үшін Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 11 қыркүйек N 876

"1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 шілдедегі N 703 P980703_ қаулысының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі (келісім бойынша): 1998 жылдың 14 қыркүйегіне дейін мерзімде Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісім бойынша жоғарыда аталған тізбеге сәйкес Әкімшіліктің мемлекеттік тапсырыстарын қалыптастыру жөніндегі әдістемелік құжаттарды бекітсін;

бір айлық мерзім ішінде қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерді осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныс әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 жылғы
11 қыркүйектегі
N 876 қаулысымен
бекітілген

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы
Президенті Әкімшілігінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының
тізбесі

| N | Атауы | 1998 жылғы | 1999 жылға |
|---|------------------------------------|--------------|----------------|
| | | қаржыландыру | арналған |
| | | нысаны | қаржыландыру |
| | | нысаны | |
| 1 | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет | | |
| | көрсетулер | | |
| | Республикалық деңгейдегі әкімшілік | | |
| | шығыстар | Ұстауға | Ұстауға |
| | Орталық органның аппараты | | |
| | Республикалық деңгейде орындалатын | Бұл да | Көрсетілген |
| | мемлекеттік тапсырыстар | | қызметтер үшін |
| | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет | | |
| | көрсету функцияларын орындау үшін | | |
| | кадрларды қайта даярлау | | |
| | Мемлекеттік қызмет көрсетудің | | |
| | функцияларын орындау үшін жоғары | | |
| | оқу орындарында кадрларды даярлау | | |
| | Ғимараттарды күту және қызметкер- | | |
| | лердің қызметін қамтамасыз ету | | |